

## **ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ЖҮЙЕСІНДЕГІ НАҚТЫ СЕКТОР**

### **Андатпа**

Мақалада инвестициялық орта әлеуеті ерекше реттеуші объектісі ретінде қарастырылған. Экономикалық жүйенің тұрақты дамуының маңызды факторы тиімді инвестициялық модель болып табылады. Бұл модель ауқымды болған сайын, экономиканың инвестициялық ресурстағы сұранысын қамтуды және өз бағыттары бойынша құрылымды болған сайын маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мүмкіндігі жоғары. Осының бәрін ескере отырып, дамып келе жатқан қоғамдағы іскерлік белсенділікті жоғарылатуға, екінші жағынан оның модернизациясының маңызды құрамдас бөліктерін, әсіресе инновациялықты интенсивтілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Жалпы инвестициялық модель экономикалық құрылымдары дамыған бәсекеге қабілетті экономикаға жол болып табылады. Осыған орай макро-, салалық және аймақтық деңгейде Қазақстан экономикасының инвестициялық әлеуетін қалыптастыру және қолданумен байланысты мәселелер кешенін бөліп көрсетілген. Ол инвестициялық әлеуетті құрылымдау үрдісін бөлуге және оны реттеу тетігінің маңызды компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада Қазақстан экономикасы инвестициялық әлеуетінің қазіргі жағдайы баяндалған. Автор көптеген нақты мәліметтерді қолдана отырып, оның ұйымдастырушылық-экономикалық параметрлерін зерттеген. Бұл жерде инвестициялық аядағы құрылымдық өзгерістерге, оның инвестициялық негіздерін жаңартуға маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қажетті инвестициялық ресурстарды қалыптастыратын инвестициялық ағымдардағы сәйкес өзгерістерге көңіл бөлінген.

Тірек сөздер: инвестиция, қаржылық капитал, лизингтік операциялар, акциялар, халықаралық стандарт, акционерлік капитал, несие.

Экономиканың нақты секторындағы инвестициялық сфера, әсіресе өндірістің техникалық дамуы шаруашылық қызметтің қатысушысы ретінде әлі де артта қалып келеді. Шаруашылық субъектілердің өздерінің жеке жинақтауына негізделген, инвестицияны қаржыландырудың көздерін іздестіру мен реттеу арқылы басқа да аспектілері – ұзақ мерзімді қаражат салымына тұрақты ынталандырушы механизмді құру, өндірістік аппаратты жаңарту да шаруашылық субъектілердің әрдайым қажеттілігін көрсететін және инвестицияға бейімделген қолайлы нарықтық ортаны қалыптастыру [1].

Бүгінгі күндегі өзектілігі жоғары мәселелердің бірі экономиканың нақты секторына қажетті уақытша бос ресурстарды іздестіру және тарту болып табылады. Бұл міндетті шешу экономиканың нақты секторында жаппай инвестициялық үдерістерді іске асыру нәтижесінде болуы мүмкін. Кез-келген басқа үдерістер сияқты инвестициялық үдеріс басқарылатын үдеріс болып саналады.

Еліміздегі ұлғаймалы ұдайы өндіріс циклінің мүмкіндіктері мен қазіргі жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, экономиканың нақты секторына инвестиция салудың мүмкін болатын келесідей альтернативті нұсқаларын бөліп көрсетуге болады.

1. Өз қызметін іске асыру барысында алынған оң ресурстық ағымдарды өндіріске қайта инвестициялау.

2. Қажетті өндірістік қорларды сатып алу үшін қарыздық немесе үлестік әдістер арқылы ресурстарды тарту. Инвестициялаудың осы технологиясы шеңберінде шетелдік инвестицияларды тарту мен мемлекеттік несиелеуді де бөліп көрсетуге болады.

3. Жаңа, неғұрлым жетілдірілген өндірістік қорларды өндіруді жүзеге асыру үшін жалды (аренда) пайдалану.

4. Лизингтік операциялар, инвестициялық салықтық несие, өндірістік ипотека сияқты ерекше инвестициялық процедураларды қолдану.

Осы аталғандардың әрқайсысында кем дегенде екі субъектінің ара-қатынастары көрінеді, яғни қаражаттарды алушы (инвестициялау объектісінің «тұлғасы») және өз ресурстарын ұсынушы (инвестор). Осы қатынастарды іске асыру кезінде әрбір субъекті өзінің алдына қойылған міндеттерін шешуге ұмтылады. Ол міндеттер бір-бірімен өзара байланысты болады: біріншісі – өндірістік үдеріске қосу үшін қосымша ресурстарды тарту сұрақтарын шешу, екіншісі – уақытша бос ресурстарын беру арқылы белгілі бір табыс алу. Бұл жерде берілген ресурстардың қайтарылуы және алынатын табыстың көлемі бірінші субъектінің өз міндеттерін шешу жетістігіне байланысты болатынын айта кеткен жөн.

Экономиканың нақты секторына инвестиция салудың жоғарыда аталған альтернативті нұсқаларына жеке-жеке тоқталайық.

1. Ұсынылып отырған бірінші технология, яғни меншікті қаражаттарды пайдалану кезінде ақша қаражаттарын алушы мен инвестор – бір тұлға болып табылады. Ол алынған ресурстарды (өндіріске қайтадан салынған) пайдалану тиімділігінің ең жақсы көрсеткіштеріне қол жеткізуге қызығушылық танытады.

Айта кететін бір жайт, инвестициялық ресурстардың бұл көзі қол жетімділігімен сипатталады және шаруашылық субъектісін оны пайдалану арқылы ең жоғарғы экономикалық тиімділікке қол жеткізуге бағыттайды. Ұйымның меншікті қаражаттарын қолдану кезінде активтерге бақылау жасауды жоғалту тәуекелділігінің деңгейі, әдетте төмен болады.

Ұйымдардың өз өндірісіне сала алатын меншікті қаражаттарының көлемі мынандай көздер есебінен қалыптасады:

- ◆ амортизация;
- ◆ ұйым пайдасы.

Халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жалпы экономикалық тоқырау, шетелдік нарықтардың әсер етуі сияқты бірқатар себептердің әсерінен инвестициялаудың осы көздерінің әлеуетті сыйымдылығы өте төмен.

2. Үлестік қатысу технологиясының көмегімен қосымша ресурстарды тарту әдісі (ұйымның айналысқа құнды қағаздарды шығаруы) ұйымды қаражаттарды пайдаланудан жоғары экономикалық тиімділік алуға бағыттайды. Өйткені, инвесторлар үшін құнды қағаздарды сатып алуға ынталандырушы мотивтердің бірі олардың табыстылығы болып табылады. Бұл көзді пайдалану арқылы болашақта жоғары табыстылыққа қол жеткізуге болады. Үлестік қатысу арқылы тікелей инвестициялаудың тәуекелділігі өте жоғары, себебі бүгінгі күні инвесторлардың көбі тікелей немесе стратегиялық инвестициялауға қарағанда спекулятивті инвестициялауға көбірек ұмтылады. Сонымен бірге, үлестік қатысу арқылы инвестициялау технологиясын жүзеге асыру кезінде кәсіпорын тарапынан сол кәсіпорын қызметіне бақылау жүргізу қауіпі жоғары болады. Бұндай қауіпті азайту үшін ұйымның акционерлік капиталының құрылымында акциялар пакетін ірі ұстаушалардың жоқ болуын қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдану керек. Бірақ акционерлік капиталды қалыптастыру бойынша осындай шектеулер қызығушылық танытқан инвесторларды «қорқытуы» мүмкін.

Инвестициялық үдерісті белсендіру әдістерінің бірі ретінде шетелдік инвестицияларды қолдану мүмкіндіктерін қарастыру кезінде шетелдік инвесторлардың іс-әрекеттері отандық инвесторлардың қызметтеріне ұқсас екендігіне көңіл аудару қажет. Елдің инвестициялық ахуалын жақсарту арқылы экономикаға тікелей инвестицияларды тартудың болашағы зор. Бұл шетелдік инвесторлар тарапынан қойылатын бірқатар талаптардан көрінеді:

- ◆ салықтық жеңілдіктер беру;
- ◆ қазақстандық бухгалтерлік есепті халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізу бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыру. Бұл әлеуетті инвесторларды қазақстандық кәсіпорындармен серіктестік қатынастар орнату кезінде олардың баланстық көрсеткіштері мен қызметтерін неғұрлым шындыққа сай бағалауға мүмкіндіктер береді;
- ◆ шетелдік инвесторлардың қызметтерін реттейтін заң жобаларын қабылдау (қазақстандағы шетелдік инвесторлардың қызметтерін сақтандыру және кепілдеме беру).

Қазіргі жағдайда шаруашылық субъектілері үшін мемлекеттік күрделі салымдар технологиясын пайдалану бастапқыда ең тартымды көздердің бірі болып табылады. Себебі, бұл көздің әлеуетті сыйымдылығы өте жоғары, оған деген қол жетімділік әдетте экономикалық

емес факторлармен реттеледі. Күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету туралы жұмыстар ақша қаражаттарын алушы шаруашылық субъектісіне емес қаржыландырушы мемлекеттік басқару органына жүктеледі. Бірақ бұл жағдай инвестициялаудың негізгі тетіктерін құру және іске асыру жүйесіне әсерін тигізеді. Бюджеттік ресурстарды пайдаланбай мемлекеттік инвестициялық қор құру мақсатында қазақстандық үкімет әліде болса Батыстан ақша қаражаттарын қарызға алуға ұмтылады. Ал инвестициялық жобалардың тиімділіктеріне қарамастан шетелдік инвесторлардан алынған қарыздарды қайтару міндеті үкіметке артылатынын ұмытпау қажет. Сөйтіп, мемлекет өнеркәсіпті қажетті ресурстармен қамтамасыз ету үшін қайтарудың кепілдендірілген көздері жоқ сыртқы қарыздарды көбейтуге мәжбүр болады [2].

Нақты секторға қарыздық инвестициялау технологиясын пайдалану кезінде экономиканың несиелік секторының мүмкіндіктері туралы ғана айтып қоймай, сонымен бірге әлеуетті қарыз алушылар тұрғысынан да қарастыру қажет. Бүгінгі күні банктер өздерінің несиелік ресурстарын экономиканың нақты секторына бағыттауға қызығушылық танытпай отыр. Бұны еліміздегі қаржылық жағдайы жақсы кәсіпорындардың банктік сектордан бөлек жұмыс істеп жатқаны куәландырады. Соған байланысты өз қызметін өнеркәсіптік кәсіпорындарды несиелеуге бағыттап жұмыс істеп отырған коммерциялық банктерді мынадай топтарға бөлуге болады:


- ◆ қаржы-өнеркәсіп топтарының құрамындағы банктер сол топқа кіретін кәсіпорындар мен ұйымдарды несиелеуді жүзеге асырады;
- ◆ экономиканы белгілі-бір саласындағы кәсіпорындарға (орман шаруашылығы, мұнай, газ, электр өнеркәсіптері) несиелік қызмет көрсету үшін құрылған банктер;
- ◆ өз шешімдерін орындату үшін жеке кәсіпорындардың құрған банктері.

Бұндай банктер өз кәсіпорындарына олардың несиелік қабілеттіліктерін ескермей несиелер берумен айналысады. Оларды нақты инвестор ретінде қараудың ешқандай мәні жоқ, өйткені олардың қызметтері нарықтық тетіктермен реттелмейді және олар сыртқы құрылымның сипаттары бар «ішкі» элемент ретінде қызмет етеді. Банктердің өнеркәсіптік кәсіпорындарға деген қызығушылықтарының жылдан жылға артуына қарамастан күрделі салымдарды несиелеудегі олардың рөлі төмен болып отыр. Оны қаржыландырудың неғұрлым тиімді көздерін анықтау үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың жасаған бағалауы куәландырады. Барлық кәсіпорындардың жалпы санының әрбір бесіншісі ғана банктік несиені қаржыландырудың мүмкін болатын көзі деп санайды [3].

3. Экономиканың нақты секторын инвестициялаудың мүмкін болатын әдістерінің бірі ретінде жал технологиясын қарастыру кезінде ең алдымен оның келесідей сипаттамаларын көрсетейік. Біріншіден, бұл өндірістік қорларды пайдаланудың уақытша сипаты. Нәтижесінде шаруашылық субъектісі жал келісім шартының мерзімі аяқталғаннан кейін өндірістік қорды оның иесіне (жалға берушіге) қайтарады. Бұл жағдай дамудың жаңа сапалық деңгейіне өту үшін қажетті өндірістік әлеуетті қалыптастыруға мүмкіндіктер бермейді. Бірақ кейбір жағдайларда жалдық келісім шарт мерзімі аяқталғаннан кейін сол құрылғыны (негізгі құралды) сатып алуға болатынын ескерген жөн. Екіншіден, жал объектісін ұстау және оны пайдаланғаны үшін қосымша төлемдер төленеді. Үшіншіден, ФТП жеделдеуі әсерінен өндірістік қорлардың моралдық жағынан тез тозуына байланысты инвесторда өзінің өндірістік қорларын жаңартуға (жал объектісін ауыстыруға) деген объективті қажеттілік пайда болады. Осы процедураны пайдаланудың мақсаттылығын дәлелдейтін маңызды факторлардың бірі технологияны іске асыру кезінде ұлғаймалы ұдайы өндіріс циклының негізгі элементтерінің қатысу шарттарының орындалмауы болып табылады. Соған байланысты жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін ерекше инвестициялық процедураларды қолданудың объективті қажеттілігі туады. Қазіргі кезде неғұрлым тартымды технологиялардың бірі лизинг болып саналады. Инвестициялық әлеуетті дамытудың қазіргі кезеңінде лизинг неғұрлым маңызды процедуралардың бірі бола отырып, бір бірімен өзара байланысты екі көзқарасты қолдану нәтижелерінде көрінеді.

Бірінші көзқарас ұсынылып отырған нұсқаның тиімділік көрсеткіштерімен негізделеді. Бұл көзқарас өзінің өндірісін жартылай немесе толық жаңарту есебінен өзінің әлеуетін жоғарлатуға ұмтылған шаруашылық субъектісімен бірге жоғарыдағы ұсынылған альтернативті нұсқалардың ішінен таңдауды жүзеге асыратын және өз ресурстарын белгілі бір тәуекелділікке бара

отырып беретін субъектілердің жүзеге асыратын операцияларының инвестициялық аспектісін көрсетеді. Бұл ұсынылған альтернативті нұсқаларды іске асырудың табыстылық және шығындылық ағымдарын салыстыруға мүмкіндіктер береді. Оны сурет – 1 түрінде көрсетуге болады.



Сурет 1 – Экономиканың нақты секторын инвестициялаудың мүмкін болатын альтернативті нұсқаларын іске асыру кезінде әсер ететін факторлар

Ескертпе – Құрастырған авторлар.

Елімізде нарықтық қатынастарға негізделген мүлдем жаңа менеджерлер класы пайда болды. Бірақ осы аталғандардың барлығы қазақстандық экономиканың инвестициялық тартымдылығын жоғарылатуға жеткілікті түрде әсер етіп отырған жоқ. Қазақстанды әлемдік деңгейде болашақта күшті бәсекелес ел болуы мүмкін деп қабылдауда. Бірақ бүгінгі күні нақты инвестициялар ағымына жоғары тәуекелдердің болуы кері әсер етуде. Осы жерде мәселенің негізгі көзі – отандық бизнестің жағдайы болып отыр. Қазақстанға қаржылық капиталмен бірге корпоративтік басқаруды реформалау мақсатымен батыстық тәжірибені пайдаланатын интеллектуалдық капитал да қажет. Көптеген қазақстандық компанияларда осы жағдайдың нашар болуына байланысты инвесторлар оларға өздерінің қаражаттарын салуға шешім қабылдай алмайды. Инвесторлар үшін әлі де болса қаржылық алып-сату алаңында ойнау неғұрлым тартымды сала болып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Айтжанова Д., Дуйсен Г. Особенности развития кластерного потенциала в условиях модернизации национальной экономики // Экономика и статистика. – 2015. – № 3. – С. 8–12.
- 2 Инвестиционно-финансовый портфель (Книга инвестиционного менеджера. Книга финансового менеджера. Книга финансового посредника) / отв. ред. Рубин Ю.Б., Солдаткин В.И. – М.: СОМИНТЭК, 2014.
- 3 Ихданов Ж. Проблемы государственного регулирования экономики в условиях глобализации // Национальная экономика в условиях глобализации: материалы международного научного симпозиума. – Алматы: Экономика, 2015.

### **Аннотация**

В статье потенциал инвестиционной среды рассматривается как особый регулируемый объект. Важным фактором устойчивого развития экономической системы является эффективная инвестиционная модель. Чем объемнее данная модель и сложнее ее структура по различным направлениям, тем выше ее возможности решения социально-экономических задач. Развитие инвестиционных процессов позволяет активизировать бизнес в обществе, повысить интенсивность составных частей его модернизации, в частности, инноваций. В целом инвестиционная модель направлена на формирование конкурентоспособной экономики с развитыми экономическими структурами. В этой связи комплексно рассмотрены вопросы по формированию и использованию инвестиционного потенциала экономики Казахстана на макро-, региональном и отраслевом уровнях. Это позволило распределить процесс структуризации инвестиционного потенциала и определить важные компоненты механизма его регулирования. В статье описано современное состояние инвестиционного потенциала экономики Казахстана. Используя различные фактологические материалы, автором исследованы его организационно-экономические параметры, рассмотрены изменения инвестиционных потоков, формирующих необходимые инвестиционные ресурсы для решения важнейших социально-экономических задач, направленных на модернизацию инвестиционных основ экономических структур.

Ключевые слова: инвестиции, финансовый капитал, лизинговые операции, акции, международные стандарты, акционерный капитал, кредит.

### **Abstract**

The article describes the potential of the investment environment as a special regulatory entity. An effective investment model is an important factor in the sustainable development of the economic system. If the given model is larger and more complex in its structure in different directions then its possibilities are higher for solving social and economic problems. The development of investment processes makes it possible to intensify business in the society, to increase the intensity of the components of its modernization, in particular innovations. In general, the investment model is aimed at the formation of a competitive economy with developed economic structures. In this regard, issues on the formation and use of the investment potential of the economy of Kazakhstan at the macro, regional and sectoral levels are considered in a comprehensive manner. This allowed to distribute the process of structuring investment potential and identify important components of the mechanism for its regulation. The article also describes the current state of the investment potential of Kazakhstan's economy. Using various factual materials, the author investigated its organizational and economic parameters that form the necessary investment resources for solving the most important social and economic problems aimed at modernizing the investment foundations of economic structures.

Key words: investment, financial capital, leasing operations, shares, international standards, capital stock, credit.